ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 19 маусым №4360-25-00-2/1330 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Умарсирикова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Улттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ESENTAI» атынан әрекет етуші Мұрат Нұрлыбайұлы Лауиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Улттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «ESENTAI» атынан әрекет етуші Мұрат Нұрлыбайұлы Лауиевке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ESENTAI» атынан әрекет етуші Мұрат Нұрлыбайұлы Лауиев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ESENTAI» атынан әрекет етуші Мұрат Нұрлыбайұлы Лауиевтен мемлекет пайдасына 5 080 (бес мың сексен) теңге тұрақсыздық айыбы мен 2 118 (екі мың бір жүз он сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья С.Умарсирикова

көшірмесі дұрыс

Судья С.Умарсирикова

Анықтама:

Шешім заңды күшіне енді «29» шілде 2025 жылы.

Судья С.Умарсирикова

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 19.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.07.2025, судья Умарсирикова С. С., 30.07.2025

4360-25-3-1/1344